



БҰЙРЫҚ

15.10.2015

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 472-Ө

город Астана

КӨШІРМЕ ДҰРЫС
КОПИЯ ВЕРНА

Мүлікті және істерді басқарудан шеттету туралы

Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен «Астана-Строй Н.Н.» ЖШС, «ЛОГОСТРОЙ» ЖШС, «АстанаКУАТэлектро» ЖШС, «Торговый дом «Темір жолы» ЖШС банкрот болып танылды.

Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі №423-Ө бұйрығымен «Астана-Строй Н.Н.» ЖШС, 2014 жылғы 30 қыркүйектегі №436-Ө бұйрығымен «Торговый дом «Темір жолы» ЖШС, 2014 жылғы 30 қыркүйектегі №437-Ө бұйрығымен «АстанаКУАТэлектро» ЖШС, 2015 жылғы 16 сәуірдегі №156-Ө бұйрығымен «ЛОГОСТРОЙ» ЖШС банкроттық басқарушысы болып Марат Сейлханович Калжанов тағайындалған.

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының, 10-тармағының, 3 тармақшасына сәйкес және оны босату туралы кредиторлар комитетінің қабылдаған шешіміне байланысты 2015 жылғы 13 қазандағы хаттамалары негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астана-Строй Н.Н.» ЖШС, «ЛОГОСТРОЙ» ЖШС, «АстанаКУАТэлектро» ЖШС, «Торговый дом «Темір жолы» ЖШС мүлкі мен істерін басқарудан банкроттық басқарушы М.С. Калжанов шеттетілсін.

2. М.С. Калжанов ««Астана-Строй Н.Н.» ЖШС, «ЛОГОСТРОЙ» ЖШС, «АстанаКУАТэлектро» ЖШС, «Торговый дом «Темір жолы» ЖШС борышкердің құжаттарын, сонымен қоса мүлкіне қатысты құрылтай, қаржылық және заңмен бекітілетін құжаттарын, сонымен қатар борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күні ішінде өткізуін қамтамасыз етсін.

3. Борыштармен жұмыс басқармасы «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V Заңына сәйкес іс-шаралар жүргізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Борыштармен жұмыс басқармасының басшысы Б.М. Мүлкібековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Астана қаласы бойынша
Мемлекеттік кірістер
департаментінің басшысы**



Ә.Сқақов